



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

- g. Еріктілер қозғалысы
- h. Клубтық сабақтар
- i. Ведомства аралық ынтымақтастық (кризис орталығы, ҮЕҰ)
- j. «Тыныштық» бөлмесі қызмет етеді

Қауіп-қатер тобындағы отбасыларға тұрмысы төмен отбасылар, көпбалалы отбасылар, толық емес отбасылар, мүгедек балалары бар отбасылар, асоциалды отбасылар, босқындар мен мәжбүрлі қоныс аударушы отбасыларын жатқызуға болады.

Аталған мекемелер іс-әрекеттерінің негізгі бағыттары болып: балалар мен отбасылардың әлеуметтік сәтсіздіктерінің факторлары мен себептерін айқындау; қиын өмірлік жағдайды жену мен өз-өздерін қамтамасыз ету мәселелерін шешуде балалары бар отбасыларды қолдау; әлеуметтік-экономикалық, әлеуметтік-медициналық, психологиялық-педагогикалық, құқықтық және басқа да қызметтің формалары мен түрлерін ұсыну.

Қауіп-қатер тобындағы отбасылармен әлеуметтік жұмыс бойынша маманның практикалық іс-әрекеті диагностикалық, ұйымдастырушылық және коммуникативті кезеңдерді қарастырады.

Диагностикалық кезеңде отбасының тұрмыстық жағдайлары мен материалдық мүмкіндіктері қарастырылады, эмоционалды-психологиялық климаты, танымдық, жалпы мәдениеттілік деңгейі, бос уақытты өткізу тәртібі, рөлдер мен міндеттерді бөлу, өзара бірыңғай іс-әрекеттілікті ұйымдастыру, сонымен қоса, отбасының жалпы және отбасы мүшелерінің әрқайсысының жеке мәселелері анықталады.

Ұйымдастыру кезеңінде жағдай мен ресурстарды бағалауға отбасының мүшелерін қосу үшін жағдайлар жасалады, көмекші бағдарламаларды бейімдеу мен жобалау, біріккен отбасылық-тұрмыстық еңбекті ұйымдастыру, қарым-қатынасты, сыртқы және ішкі байланыстарды жақсарту қарастырылады.

Коммуникативті кезеңде қалыптасқан дағдылар мен білімдер қолданылады, қолданатын құралдар кеңейтіліп, жалпы көмекті өз-өзіне көмекке ауыстыру ынталандырылады.

Осылайша, қауіп-қатер тобындағы отбасылармен әлеуметтік-медициналық жұмыстың ерекшелігі әлеуметтік жұмыскердің супервизиясы мен (патронаж, сүйемелдеу) өмір сүру дағдыларына үйретудің өзара үйлесімділігі негізінде жатыр.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі N 193-IV Кодексі.
2. [Ана мен бала денсаулығын сақтау саласында медициналық көмекті жетілдіру бойынша шаралар туралы](#) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 164 Бұйрығы.
3. <http://emhana4.kz> Астана қ. Әкімдігінің ШЖҚ «№4 қалалық емхана» КМК ресми сайты.
4. http://egov.kz/cms/kk/articles/social_help Атаулы әлеуметтік көмек.

УДК 364.044.26

ФЕРТИЛЬДІ ЖАСТАҒЫ ӘЙЕЛДЕР ТОБЫМЕН ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Сыдыман Ақмерей Жаңабекқызы

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, әлеуметтік жұмыс мамандығының магистранты
asydyman@mail.ru

Ғылыми жетекші – А. Исаханова

Кез келген қызмет көрсету саласында технологияны игеру, оны тәжірибеде қолдану кәсіби маманға қойылатын талап болып табылады. Сондықтан әлеуметтік қызмет

саласында жоғары кәсіби білімді маманды дайындау бағдарламасы әлеуметтік жұмыс технологиясы мен әдістерін негізгі оқу пәндерінің бірі ретінде қарастырады.

Технология (грек тілінен *techne* – өнер, шеберлік, *logos* – оқу, үйрену) – өңдеу құралдары мен тәсілдері туралы және объектіні сапалы қайта қалыптастырудағы білім жүйесі.

Алғашқыда технологияның анықтамасы тек қана өндірістік саладағы іс-әрекеттерге, яғни табиғи өнімді игеруге бағытталды. Ал қазіргі уақытта технология ұғымының мағыналық кеңістігі айтарлықтай кеңейді және мазмұны да зерттеу объектісіне әлеуметтік процестер технологиясын қосу арқылы толықты.

Материалдық өндіріс саласында технология ұғымы көпжылдық қалыптасқан дәстүрге байланысты теоретиктер мен практиктер тарапынан ешқандай күдік, сенімсіздік тудырған жоқ, ал әлеуметтік саланы технологизациялау, яғни «әлеуметтік технология» ұғымы қоғамда көп уақытқа дейін қолдау тапқан жоқ. Тіпті, 70жылдардың ортасында да әлеуметтік саланы технологизациялау мүмкіндігінің өзі біршама күдік туғызды.

«Әлеуметтік технология» ұғымы алғашқы рет болгар ғалымы Николь Стефановтың «Қоғамдық ғылымдар мен әлеуметтік технологиялар» монографиясында толығымен қарастырылған болатын.

Автордың айтуы бойынша, әлеуметтік процестер технологизациясының мүмкіндігі адамдық іс-әрекеттер құрылымымен негізделеді, яғни әлеуметтік технологиялардың мәні білімді, тәжірибемен адамның дағдыларын, әлеуметтік қатынастары мен процестерін қайта қалыптастырумен түсіндіріледі деді.

Н.Стефановтың тұжырымдауынан кейін қоғамтанушылар әлеуметтік саланы технологизациялау мәселесін белсенді түрде зерттеуге кірісті. 70 жылдың екінші жартысынан бастап, қазіргі уақытқа дейін әлеуметтік технологиялармен байланысты мәселелерді және ғылыми зерттеу белсенді түрде жалғасуда.

Осылайша, әлеуметтік технологияның күрделілігін зерттеудің әртүрлі бағыттары әлеуметтік технологияның мәнін анықтайтын көптеген анықтамалар берді. Олардың ішінде әлеуметтік технология: «басқару, реттеу тәсілі және әлеуметтік процесті жоспарлау», «өндіріс процесін қамтамасыз ету және іс-әрекетті жүзеге асыру үшін қажетті әлеуметтік жобалаудың соңғы өнімі», «қойылған мақсатқа жету үшін қолданылатын әдістер мен тәсілдердің жиынтығы», қойылған мақсатқа жету құралы және қоғамдық мәселені шешуге бағытталған тәсілдерін сипаттайтын әлеуметтанулық категория ретіндегі тұжырымдарды айтуға болады.

Бұл, келтірілген мысал, күрделі әлеуметтік феномен (әлеуметтік технология дегеніміз сол) мәніне толық және нақты анықтама беруге талпыныстың жеткіліксіздігін көрсетті және салыстырмалы сипатқа ие болды. Әлеуметтік технологияға берілген әрбір анықтама әлеуметтік технология мен әлеуметтік жұмыс технологиясын сипаттаудың белгілі бір маңызды аспектілерін бейнелеп отырды.

Әлеуметтік технология және әлеуметтік жұмыстың технологиясының объектісі болып әртүрлі деңгейдегі әлеуметтік процестер табылады.

Алайда әлеуметтік технология мен әлеуметтік жұмыстың технологиясының шектелген терең ішкі пәнаралық өзара байланысы ортақ зерттеу объектісін анықтайды және негіздейді.

Әлеуметтік технология мен әлеуметтік жұмыс технологиясының өзара байланысын түсіндіру үшін, оларға анықтама берейік.

Әлеуметтік технологиялар – адам өміріндегі әлеуметтік қатынастар мен процестерді реттеу мен қайта қалпына келтірудің тиімді тәсілдер жүйесі болып табылады.

Әлеуметтік жұмыс технологиясы – бұл қиын жағдайға душар болған азаматтарға көмек пен қолдау, яғни әлеуметтік қызмет көрсетуге бағытталған әлеуметтік технологияның бір бөлігі.

V топтағы фертильді әйелдермен жұмыста әлеуметтік жұмыс технологияларының екі аспектісі қолданылады– практикалық әлеуметтік жұмыс (әлеуметтік көмекті қажет

ететін нақты адаммен немесе топ адамдарымен) және ұйымдастырушылық жұмыс (әлеуметтік қызметкердің жұмысын ұйымдастыру және құрастыру, нақты бағдарламаларды, шаралардың жоспарларын өңдеу және т.б.) [4].

V топтағы фертильді әйелдермен практикалық әлеуметтік жұмыс келесі негізгі бағыттарда жүргізіледі:

1. Әлеуметтік бағыт (жұмыс түрлі ведомстволар контекстінде жүзеге асырылады) оған: кеңес беру, стационарлы және стационарлы емес жағдайдағы әлеуметтік оңалту бойынша шаралар; әлеуметтік көмекті ерекше қажет ететін адамдарды анықтау; әлеуметтік диагностика; жәрдемақы және зейнетақы алуға көмектесу; өзара көмектесу және өзін-өзі көмектесу топтарын ұйымдастыруға әрекеттесу; фертильді әйелдердің ішінен асоциалды отбасыларды және девиантты мінез-құлқы бар адамдарды анықтау және девиантты мінез құлықты алдын-алу; фертильді әйелдердің ішінен мүгедектердің мәдени-бос уақыт жұмыстарын ұйымдастыру; панасыздықты (жатақхана алуға, уақытша тұрғын-үйді немесе жеке тұрғын-үйді алуға көмектесу) және балалар қаңғыбастығын алдын-алу; фертильді әйелдерге мүліктерін қайтарып беруге және оларға өтемақыны алуға әрекет ету; V топтағы фертильді әйелдерге көмектесу мәселелері бойынша айналысатын түрлі мемлекеттік мекемелермен және қоғамдық ұйымдармен өзара әрекет ету.

2. Ақпараттық бағыт (бұл жұмыс бұқаралық ақпарат құралдарымен бірлесіп жүргізіледі): әлеуметтік қызмет көрсету іс-әрекеттері туралы фертильді әйелдерді ақпараттандыру; фертильді әйелдер туралы ақпарат жинау және оны жүйелеу, фертильді әйелдермен тұрақты әлеуметтік байланыстарды орнату мақсатында фертильді әйелдерді және баспана мәселелерін қоғамдастыққа дейін жеткізу, баспанамен қамтамасыз ету мәселелерін бұқаралық ақпарат құралдарында ағарту.

3. Құқықтық бағыт (сот және құқық қорғау органдары контекстінде жүзеге асырылатын жұмыс): V топтағы фертильді әйелдер құқықтарын қорғау; фертильді әйелдерге олардың құқықтық міндеттері туралы ақпарат беру; құқықтық кеңес беру.

4. Медициналық-әлеуметтік бағыт (денсаулық сақтау қызметтері контекстінде жүзеге асырылатын жұмыс): медициналық-әлеуметтік кеңес беру; дәрігерлікке дейінгі медициналық көмек көрсету; медициналық сақтандыру полисін алуға көмектесу; әлеуметтік-психиатриялық диагностика және көмек; дәрі-дәрмек және т.б. медициналық құралдарды алуға көмектесу; емдеуге қаржыны бөлуге; мамандырылған медициналық мекемелерге бағыттау; фертильді әйелдердің тұрғын-үй санитарлық жағдайын бағалау.

5. Психологиялық бағыт (денсаулық сақтау және білім беру органдары контекстінде жүзеге асырылатын жұмыс): психологиялық кеңес беру; әлеуметтік бейімделудегі психологиялық түзету және көмек көрсету; посттравмалық стрестің жағдайында және өткір кризистік жағдайындағы психологиялық көмек; ата-аналарды аутотренингтерге және психологиялық өзін-өзі реттеуге оқыту; бала және жасөспірімдердің дамуының психологиялық диагностикасы.

6. Әлеуметтік-педагогикалық бағыт (білім беру, денсаулық сақтау және құқық қорғау органдарымен бірлесіп жүзеге асырылатын жұмыс) бала тәрбиесі және отбасы мәселелері бойынша кеңестерді жүргізу; бала және жасөспірімдермен әлеуметтік-педагогикалық жұмыс; қажет ететін балалар мен жасөспірімдерге мамандырылған (коррекциялық) әлеуметтік-педагогикалық көмек; оқуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдерге әлеуметтік-педагогикалық көмек; фертильді әйелдердің ішінен жасөспірімдер мен жастарға кәсіби білім алуға әрекет ету және кәсіби кеңес беру; девиантты мінез-құлқты алдын алу; балалар мен жасөспірімдерге бос уақыттарын ұйымдастыру шараларын жүргізу.

7. Материалдық және қаржылық бағыт материалдық қаржылық көмекті ұсыну (суда, тамақ өнімдері, киім-кешек, дәрі-дәрмек, құрылыс материалдары және т.б.).

8. Экономикалық бағыт экономикалық мәселелер бойынша кеңес беру.

9. Еңбектік бағыт (жұмыспен қамту қызметтерімен бірлесіп жүзеге асырылатын жұмыс): жұмысқа орналасуға көмектесу; еңбек мәселесі бойынша кеңес беру; жұмыспен қамту және кәсіби бағдар; кәсіби даярлау және қайта даярлауға көмектесу.

Осыған орай әлеуметтік жұмыс технологиясы біріншіден, кең мағынада әлеуметтік жұмыстың әртүрлі объектілеріне әсер ететін әдістер мен тәсілдер, ұйымдастыру, алгоритм және барлық құралдар жиынтығын білдіретін теориялық және тәжірибелік білім жүйесі ретінде қарастырылады. Технологиялық мәселелерді шешудің мұндай бағыты ең алдымен, аймақтық деңгейдегі әлеуметтік саясатты жүзеге асырудағы басқару органдары мен ұйымдастыру үшін тиімді болып табылады. Екіншіден, әлеуметтік жұмыстың нақты объектісі мен субъектісіне бағытталған арнайы технологиялар жиынтығы ретінде қарастырылады. Бұл бағыт, тұрғылықты жеріне немесе жұмысына байланысты әртүрлі категориядағы халықпен әлеуметтік мекемелердегі клиенттермен әлеуметтік жұмысты ұйымдастырушыларға тән болып келеді.

Әлеуметтік мәселелерді шешудегі технологияны дайындау – теориялық қорытындылар мен ұсыныстарға тәжірибелік апробацияны және теориялық негіздеуді қажет ететін күрделі процесс. Әлеуметтік жұмыстың технологиясын дайындаудың 3 негізгі типін атауға болады: теориялық, әдістемелік, процедуралық.

Теориялық кезең әлеуметтік саясат объектісі немесе әлеуметтік жұмыс клиентін қамтитын құрылымдық элементтерді, себептік байланыстар мен қатынастарды анықтау, технологиялау пәнін айқындау және мақсатты қалыптастыруды ретке келтірумен айқындалады.

Әдістемелік кезең әлеуметтік саясат объектісі немесе әлеуметтік жұмыстың клиенті туралы ақпарат алу тәсілдері мен жолдарын таңдаумен, осы ақпаратты талдау мен өңдеу және әдістерді анықтау, пайда болған іс-әрекетке берілетін нақты ұсыныстар нәтижелерін трансформациялау (тасмалдау) принциптерімен сипатталады.

Процедуралық кезең апробация бойынша тәжірибелік іс-әрекетті ұйымдастыруға байланысты мәселелерді шешумен, ұсыныстардағы кемшіліктерді жоюмен және іс-әрекет алгоритмін құрумен сипатталады.

Әлеуметтік жұмыс технологиясы:

- қозғалыста болу, мамандардың клиенттермен жұмыс түрін, мазмұнының жиі ауысатындығын және іс-әрекеттің эвристикалық сипатын білдіреді;
- үздіксіздік, клиентке жиі қолдау көрсету мүмкіндігі және оған ықпал етумен негізделеді;
- тізбектілік, клиентпен жұмыстағы процедура, кезеңдерінің тұрақты, стереотипті қайталануымен көрінеді;
- дискреттілік, клиентке мақсатты анықтағаннан бастап шешімді орындағанға дейін әсер етудің әркелкілігімен сипатталады.

Осылайша, әлеуметтік жұмыс технологиясы оның қолданбалы, тәжірибелік аспектісін көрсетеді. Технологиялық процестердің ерекшелігі мен мазмұнын, мәнін тереңірек ұғыну әлеуметтік сала мамандарының кәсібилігіне және әлеуметтік қызмет мамандарының іс-әрекеттеріне негізделеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Приказ Министра здравоохранения Республики Казахстан от 3 июля 2012 года № 452 «О мерах совершенствования медицинской помощи беременным женщинам, роженицам, родильницам и женщинам фертильного возраста»
2. Саенко Ю.В. Специальная психология: Учебное пособие. – М.: Академический проект, 2006. – 182 с. – («Gaudeamus»).
3. Левченко И.Ю., Забрамная С.Д., Добровольская Т.А. Специальная психолого-педагогическая диагностика – М.: Академия, 2003. – 320 с.
4. www.wallenberg.ru – Институт Специальной Педагогике и Психологии Международного Университета семьи и ребенка им.Рауля Валленберга
5. Поваляева М.А. Коррекционная педагогика. Взаимодействие специалистов. Коллективная монография / Под общ. Ред. М.А.Поваляевой. Серия «Учебники, учебные пособия». – Ростов-на-Дону: «Феникс», 2002. – 352 с.